

СТ 48

Ceresit

Қасбеттерге арналған силикон бояу

ҚАСИЕТТЕРІ

- ▶ су-дисперсиялық;
- ▶ жоғары бу өткізбейтін;
- ▶ атмосфераға төзімді;
- ▶ гидрофобты, ластануға төзімді;
- ▶ Ceresit Colour System, NCS, RAL колерлеу жүйелері түстеріне колерлену мүмкін;
- ▶ қанық түстерге колерлеу үшін бояудың ашық базасы шығарылады;
- ▶ ішкі және сыртқы жұмыстарға жарамды;
- ▶ экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.



ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

СТ 48 силикон бояуы бетонды, цемент-цемент-эк және эк сылақтарын, ғимараттардың ішіндегі және сыртындағы Ceresit сәндік сылақ жабындылардың барлық түрлерін бояу үшін арналған. Көбікполистирол және минералмақта тақталарынан (Ceresit VWS және Ceresit WM) орындалған жылуоқшаулауы бар қасбеттерді жылыту жүйелері үшін ұсынылған. Суға төзімді, ластануға төзімділігі жоғары, осының арқасында қасбеттердегі сыртқы түрін ұзақ уақыт сақтайды.

Едендер үшін жарамды!

Негізде бар ылғалдың жылдам булануына болысады, бір мезгілде оны сырттан ылғалдандырудан қорғайды, және ескі ғимараттардың жертөле қабаттарын және төлелерді әрлеген кезде Ceresit жақсартушы сылақтары жүйелерімен үйлесімде тиімді қолданылады.

Колерлеу базасы түрінде шығарылады. Ceresit Colour System, NCS, RAL және басқа колерлеу жүйелеріне сәйкес колерлену мүмкін. Бояуларды колерлеуге арналған «Палитра Природы» топтамасы түстерінің эталондары «Ceresit бояулары, Жолсілтеме 2017» жинағының түстері болып табылады. Тапсырыс берушінің үлгісі бойынша түсті іріктеп алу мүмкін болады. Қанық түстерді алу үшін бояудың ашық базасын пайдалану ұсынылады.

Боялған бет кішкене бір қысыммен сумен жуылу мүмкін.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға, тегіс, құрғақ, жеткілікті берік, шаңнан, тұз дақтарынан, майлардан

және басқа ластанулардан тазартылған болуға тиіс. Негіздің берік емес учаскелерін жою керек.

Бояр алдында негіздерді СТ 225 немесе CR 64 минерал тегістегіштерімен ғимараттардың ішінде және сыртында, немесе СТ 95 немесе СТ 127 полимер тегістегіштерімен тек ғимараттардың ішінде ғана тегістеу ұсынылады.

Силикат бояу:

- кем дегенде 28 тәулік тұрған бетон;
- кем дегенде 14 тәулік тұрған дәстүрлі цемент, цемент-эк және эк сылақтар;
- кем дегенде 2-3 апта тұрған CR 64 минералды тегістеуіш;
- кем дегенде 7 тәулік тұрған СТ 35, СТ 36 және СТ 137 минералды жұқа қабатты сәндік сылақтары;
- кем дегенде 5 тәулік тұрған СТ 72, СТ 73 силикат жұқақабатты сәндік сылақтары;
- кем дегенде 3 тәулік тұрған СТ 225 минералды тегістеуіші, акрил (СТ 60, СТ 63, СТ 64), силикон (СТ 74, СТ 75) және силикат-силикон (СТ 174, СТ 175) жұқақабатты сәндік сылақтары;
- кем дегенде 1 тәулік тұрған СТ 95 және СТ 127 полимер тегістеуіштері (ғимараттардың ішінде);
- ылғалдылығы 1% аспайтын, СТ 17 астарымен өңделген гипс негіздері (ғимараттардың ішінде);
- дайындаушының ұсынымдарына сәйкес орнатылған, СТ 17 астарымен өңделген гипсқатырма және гипсталшықты табақтар (ғимараттардың ішінде);
- негізге жабысулығы жақсы берік сырлау жабындары сияқты жабындарда қолданылу мүмкін.



Качество для Профессионалов

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Қолданар алдында бояуды зауыттық ыдыста жақсылап араластырып алыңыз. Бояуды негізге кем дегенде екі рет өтіп қылқалам, білікше немесе бояу пульты көмегімен жағады.

Қажет болған кезде (мысалы, сіңіретін негіздерде) алғашқы қабатты жаққан кезде бояуға 10% асырмай таза су құйып жақсылап араластыруға болады. Бояудың келесі қабатын сұйылтпай, алдыңғы қабатты жаққаннан кейін 12-24 сағат өткенде жағуға болады, кебу шарттарына байланысты.

Бояу қабатын бір жазықтықта жағу бойынша жұмыстар үзіліссіз, "ылғалды ылғалдыға" әдісімен орындалуға тиіс. Бояуды аяқтауын немесе жұмыстағы үзілістерді жазықтықтар түйіскен орындарда (мысалы, бұрыштарда) немесе қасбеттің сәулелеттік элементтерінде жүргізуі ұсынылады.

Бояудың жаңа шыққан қалдықтарын сумен, кепкендерін - тек механикалық түрде немесе еріткішпен кетіруге болады.

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек.

Қоршайтын конструкцияларда (мысалы, ғимараттар жертөле қабаттарында) лак-бояу жабындыларының қабыршақтануын болдырмау үшін негіз жағынан қылтүтікті тарту және ылғалдың баруы болмауға тиіс.

Қасбетті күннен, желден және жауыннан қорғау үшін құрылыс мінбесатыларды арнайы тормен жабуы ұсынылады. Ғимаратта су ағызу және су төкпе жүйелері алдын ала орнатылған болуға тиіс.

Бояудың колерлеуін жарыққа- және сілтіге төзімділігі жеткілікті су-дисперсиялық колерлеу пасталарымен, мысалы Ceresit колерлеу пасталарымен жүргізуге болады. Колерлеу нәтижесі үшін жауапкершілікті (түстің эталонына сәйкестігі үшін) колерлеуішті өндіретін фирма көтереді. Колерлеудің ықтимал қателіктерін анықтау үшін қолданар алдында бояуды талап етілетін реңкке сәйкестігіне тексеру ұсынылады.

Бір бетте реңктің біркелкілігін қамтамасыз ету үшін бір партиядан шыққан материалды пайдалануы ұсынылады. Сол бір түс түрлі фактурасы бар беттерде түрлі қабылдану мүмкін.

Қасбеттің негізгі ауданындағы сырланған беттердің күннен тым қызып кетуін болдырмау үшін шағылту коэффициенті кемінде 30% жабындыларды пайдалану ұсынылады, ал күнгірт түсті бояуларды

қасбеттің ауданының 10% көп алмайтын бөлек жерлерінде ғана қолдану ұсынылады (мысалы, сәндік элементтерде).

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Тікелей күн сәулелерінің түсуін болдырмайтын құрғақ жерде, түпнұсқалық зақымдалмаған және қымтап бітеулі қаптамада, +5-тен +30°C дейінгі температурада - дайындалған күннен бастап 12 айдан аспайды. Мұздап қатудан сақтандырыңыз! Аяғына дейін пайдаланылмаған өнімді тығыз жабылған ыдыста ұстаңыз және мүмкіндігінше тезірек пайдаланыңыз!

ҚАПТАМА

СТ 48 силикон бояуы 22,5 л пластик шелектерде жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СТ 48 құрамы: минерал толтырғыштар мен пигменттер бар силикон мен акрилаттар сополимерлерінің су дисперсиясы	
Тығыздығы:	шам. 1,48 кг/дм ³
pH:	8,5–10,0
Қажалу деңгейі:	60 мкм аспайды
Тасымалдау және сақтау температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Пайдалану температурасы:	-50-ден +70°C дейін
Жауынға төзімділік:	24 сағаттан кейін
СТ 48 бояуының шығыны:	шамамен 0,3 л/м ² екі рет жаққан кезде (фактуралық беттер бойынша, мысалы, сәндік сылақтар бойынша, 0,4-тен 0,45 л/м ² дейін)
Ескертпе: бояудың шығыны негіздің сіңіру қабілеттілігіне, фактурасына және түсіне байланысты.	

Бояудың қатты сілтілі реакциясы бар, сондықтан онымен жұмыс істеген кезде қолғапты және қорғайтын көзілдірікті пайдаланып теріні және көзді қорғау қажет. Ластанған киімді бірден шешу керек, ал бояудың теріге түскен кезде сумен жақсылап жуу керек. Бояу көзге түскен кезде оны мол сумен жуып дәрігерге көріну қажет.

Барлық берілген сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы үшін дұрыс. Басқа жағдайларда бояудың кебу уақытының өзгеруі мүмкін.

Техникалық сипаттамадан басқа материалмен жұмыс істеген кезде ҚР тиісті құрылыс нормаларын және ережелерін басшылыққа алу керек. Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ оның осы нұсқаулықта қарастырылмаған мақсаттарда және шарттарда қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді. Материалдың нақты қолдану мүмкіндігінде күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе дайындаушыдан кеңес алу керек. Техникалық сипаттама, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, дайындаушының шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін. Осы техникалық сипаттама пайда болғанымен барлық алдағылары жарамсыз болып кетеді.

